



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№38
(19521)
13 наурыз,
сейсенбі
2018 жыл
www.syrboyi.kz

ҮКІМЕТ

ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ

Кеше Үкімет үйінде ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Халықаралық қаржы ұйымдарымен (ХҚҰ) және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЭЫДҰ) өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Бұл туралы primeminister.kz хабарлайды.

Отырыс барысында ЭЫДҰ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі шаралар жоспарының жобасы қаралды, ол Ұйымның инновацияларды, шағын және орта бизнесті дамыту, инвестициялық саясатты жетілдіру және өңірлік бәсекеге қабілеттілікті арттыру бағыттары бойынша ұсынымдарын жүзеге асыруды қарастырады. Сондай-ақ, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде ХҚҰ-мен бірлескен жобаларды іске асыру барысы талқыланды. Анықтама: 2015 жылдан бастап Қазақстан мен ЭЫДҰ ынтымақтастықтың қол қойылған Елдік бағдарламасы аясында белсенді өзара іс-қимыл сатысына қосылды. Елдік бағдарлама Қазақстанның ЭЫДҰ-ның 29 негізгі құқықтық құралдарына қосылуын қарастырады. Бүгінгі таңда Қазақстан 17 құқықтық құралға қосылды, биыл қалған 12-не қосылу жоспарланып отыр.

ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒАСЫ ҚАНДАЙ?

Елімізде 2018 жылдың ақпанында өткен аймен салыстырғанда жаңа тұрғын үйлерді сату бағалары 0,2%-ға өсті, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» тілшісі ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Ведомствонның хабарлауынша, аталған аралықта абаттандырылған және абаттандырылмаған тұрғын үйлерді алып сату бағасы өзгеріссіз қалған. Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемі 0,2%-ға артқан. Тұрғын үй нарығындағы бағаның өзгеруіне қатысты Статистика комитеті келесі ақпаратты ұсынады: жаңа тұрғын үйлердің сату бағасы 2013 жылы 9,6 пайызға, 2014 жылы 11,5 пайызға, 2015 жылы 15,8 пайызға қымбаттаса, 2016 жылы 3,6 пайызға төмендеген. Тұрғын үй бағасының қымбаттауы өткен жылы 1,3 пайыздық өсімді көрсеткен. Ал абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату бағалары 2015 жылы 9,1 пайызға қымбаттағанымен, соңғы екі жылда 0,7 пайызға және 1,6 пайызға төмендеген. Қазақстанда қазіргі таңда сатылымдағы жаңа тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің бағасы 260 613 теңге болып отыр. Ал абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сатуда 1 шаршы метр 185 942, абаттандырылмаған тұрғын үйлерді алып сатуда 1 шаршы метр 114 273 теңгені көрсеткен. «Тұрғын үй нарығындағы бағаны байқау Астана, Алматы қаласында және облыс орталықтарындағы құрылыс компанияларымен қоса қалалық кор бойынша жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың іріктелген шенбері бойынша жүргізіледі», - делінген хабарламада.

БАСҚОСУ

БЕС БАСТАМА БАЙЫПТЫ ПІКІРЛЕРГЕ АРҚАУ БОЛДЫ

Кеше «Достық үйінде» Елбасы ұсынған бес әлеуметтік бастаманы талқылау мақсатында демократиялық күштердің облыстық коалицияның отырысы өтті. Оған аймақтық коалиция мүшелері, үкіметтік емес ұйым жетекшілері, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары мен белсенді жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.



Елбасының әлеуметтік бастамаларына қолдау білдіріп, алдағы атқарылатын жұмыстарды саралаған жиында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаяв жүргізіп отырды.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының бірлескен отырысында халыққа арналған «Президенттің 5 әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуін жариялады. Онда әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру, жалақысы төмен жұмысшылардың еңбексезінін көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие көлемін көбейту, сондай-ақ, елді тағбен қамтамасыз ету ісін жалғастыру жөніндегі бастамалар қамтылды. Бұл әлеуметтік бастамалар барша қазақстандықтар үшін аса маңызды. Оны іске асыруды үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек, - деп И. Құттықожаяв.

Жиында баяндама жасаған Қорқыт ата атындағы ҚМУ ғалымы, профессор Қылышбай Бисенов 5 әлеуметтік бастама халықтың игілігі үшін жасалған ұтымды жоба екенін атады. Үндеуде нақты мақсаттар

қойылған. Бірінші бастамада әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін қарастыру көзделген. Сондықтан «7-20-25» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы жұмыс істейтін әрбір қазақстандық несиеге тұрғын үй алып, баспаналы болмақ. Бұл - әсіресе, жас отбасыларға жасалып отырған үлкен демеу. Сонымен бірге университет ректоры үшінші бастамаға айрықша тоқталды. Онда білім гранттарын бөлу арқылы жастарға мол мүмкіндік жасалып жатқанын жеткізді. Бұдан бөлек, жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша тағы да 20 мың мемлекеттік грант бөліп, жастардың жоғары білім алуына жол ашыла түседі. Ал техникалық мамандықтар бойынша ең алдымен инженерлер, ақпараттық технология, роботтехнология және нанотехнология саласының мамандықтарына бакалавриат бойынша 11 мың грант бөлуге айрықша тапсырма берілді. Сондай-ақ, бүгінде мемлекеттік тапсырыс бойынша бір білім алушыға бөлінген қаражат көлемі 640 мың теңгеге жетті. Елбасы Үндеуінде колледждер мен университеттер жекеменшік-мемлекеттік серіктестік негізінде кемінде 25 мың орындық жатақхана салу керектігін де атап өткен болатын.

Биылғы жыл аймақта «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» болып жарияланды. Бұл бағыттағы шараларды жүзеге асыруда Елбасының «шағын несие беру» бастамасы көп септігін тигізбек. Ол туралы облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Қожахмет Лиясов хабарлама жасады. Бұл шара, әсіресе, ауыл-аймақтар үшін, ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту үшін маңызды болмақ.

Ал, Елбасы ұсынған бағыттар ішіндегі жалақысы төмен жұмысшы, қызметкерлерге салықтық жеңілдіктер жасауды қарастыруға орай тапсырма берілген. Қосынды салық жеңілдігі аз жалақы алатын жұмысшылардың табысын арттыруға мүмкіндік бермек. Осы бастама жайында Қызылорда облысы бойынша кірістер департаментінің «Талдау және тәуекелдер» басқармасының басшысы Темірлан Қожаназаров өз баяндамасында тарқата айты.

Шара соңында жиналғандар Елбасының 5 әлеуметтік бастамасына орай пікірлерін білдіріп, оларын ортаға салды. Сондай-ақ, демократиялық күштердің аймақтық коалициясы Үндеу қабылдады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

МӘЖІЛІС

Өткен аптада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған әлеуметтік бастамалар қоғамдағы көптеген мәселелерді тағы бір мәрте пысықтап, одан әрі нақтылауға негіз болды. Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігінің мәжілісі өтіп, онда өңір елді мекендеріндегі газдандыруға, аймақтағы эпизоотиялық ахуалға, әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының негізсіз өсуін болдырмауға қатысты мәселелер қаралды.



«САРЫАРҚА» ЖОБАСЫ: ҰЗАҚ ЖОЛ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМНАН БАСТАЛАДЫ

Елбасы еліміздің орталық және солтүстік өңірлерін газдандыру үшін «Қараөзек – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана» бағытында магистральді газ құбырын салуды тапсырды. Аймақ басшысы бұл жобаның біздің облысы үшін маңыздылығына тоқталып, 370 млрд теңге инвестиция салынатынын, жергілікті бюджетке түсетін түсімді көбейтетінін атап өтті. Оған қоса 200 адамға жұмыс көзі табылмақ.

Қазір облыс халқының 63 проценті, Қызылорда қаласы және 4 аудан орталығы газ тұтынып отыр. Байқоңыр қаласына газ тарту жұмыстары басталды. Биыл Жосалы, Жалағаш, Терөзек кенттеріне «көгілдір отын» жеткізілмек. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы М.Усанның айтуынша, Астана қаласын, еліміздің орталық және солтүстік өңірлерін газдандыру үшін «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын салудың бастапқы қадамы жасалды. Энергетика министрлігінде өткен мәжіліс қорытындысында үш кіші жұмыс тобы құрылып, «Сарыарқа» жобасын жүзеге асырудың жол картасы мақұлданды. Аталған магистральді газ құбырының 180 шақырымы біздің облыс аумағынан

өтеді. Әзірге жер бөлу туралы ұсыныс түсіп, оң қорытынды берілді.

Бүгінде Арал қаласы, Әйтеке би, Шиелі, Жаңақорған кенттеріндегі тұрғындар «көгілдір отын» игілігін көріп отыр. Жаңақорған кентінде шұғыл жағдайда әрекет ететін «104» жедел газ қызметі қосылғанмен, тәулік бойы жұмыс жасамайды. Ендігі міндет – Жосалы, Жалағаш, Терөзекті газдандыру. Былтырдан бері Жосалы кентіне автоматтандырылған газ тарту станциясы орнатылып, «Бейнесу-Шымкент» магистральді газ құбырынан бұрма газ құбыры салынууда. Биыл жобаны аяқтау үшін бюджеттен 991 млн теңге қаржы бөлінді. Бірінші жартыжылдықта аяқталады деп жоспарлануда. Жосалы кентіне кварталшілік газ тарту желілерінің құрылысын бастауға облыстық бюджеттен 100 млн теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурстары өтіп жатыр. Биыл автоматтандырылған газ тарту станциясынан (АГТС) бас реттегіш газ тарту пунктінде дейін 4,5 шақырым жоғары қысымды газ құбырын салу, ГРП-1-ден орташа қысымды газ құбырын жүргізу, 1 әлеуметтік нысанды газ желісіне қосу жұмыстары жүргізіледі.

2-бет

НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА...



ХАЛЫҚТЫҚ МЕРЕКЕ ХАЛЫҚТЫҚ СИПАТ АЛҒАНЫ АБЗАЛ

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық коддымызды сақтаудың бір жолы прагматизм екендігін айтады. «Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады», - деп атап көрсетеді. Шындығында Еуразия төсіні еркін жайлаған ата-бабаларымызда туған табиғатты аялауға, әрбір нәрсені үнемді, ұқыпты ұстауға тәрбиелейтін көптеген өнегелі, тағылымды да қастерлі дүниелеріміз өте көп. Тек соған зейін салып ой көзбен қарай білуіміз керек, әрі сол қалыптасқан мәдени құндылықтарымызды ұдайы насихаттап отырғанымыз дурыс. Елдік пен ерліктің жарқын үлгісін көрсеткен текті билеріміз бен хандарымыздың, жауына намысын бермеген бағыр бабаларымыздың әрбір ісі ұрпаққа ұран.

Халқымыз «Елге ел келсе – құт, елден ел кетсе – жұт» деп көршілес отырған елдің жақсылығын асырып, жамандығын жасырып, тату-тәтті мамыражай күй кешкенді қалаған. «Ақырет күні – көршіден» деп көршімен тату болуды басты орынға қойған. Есігін іштен бекітуді білмейтін қазақтар өзгені де өзінен көрген. Алдымен ағайынның татулығын ойлайтын қазақ елі 13 наурыздан бастап «Амал айы тулы, Ұлыстың ұлы күні келді» деп қыстан аман шыққан бойда наурызға деп сақтаған соңғы сұр етін қазанға салған. «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деп ауыл-аймақты аралап ағайынмен көрісетін жақсы дәстүр болған.

Амал айында ағайынмен көрісу Маңғыстау, Атырау секілді батыс облыстарда әлі күнге дейін сақталып келеді. Бұл игі дәстүр облыстың аудандарында да бұрыннан бар, ұмытыла қойған жоқ. Ендігі жағында халықтың қазынасына айналған мұндай маңызды бастаманы қайта жаңғыртуымыз керек. Алайда, жаңғырту керек екен деп жалаң ұрандатудың да қажеті шамалы.

1988 жылдан бастап Наурыз мейрамын қайта тойлауды қолға алған еліміз бұл мерекені жылда атап өтеді. Осылайша Ұлыстың ұлы күнін ел болып, жұрт болып тойлай бастағанымызға да биыл отыз жыл толады екен. Наурыз мерекесі БҰҰ тарапынан тойланатын мерекелер қатарына да кірді. Алайда, бұрынғы тойлау дәстүрі қазіргі кезде көп өзгеріске ұшыраған. Наурыз мейрамын тойлау бір жағы ресмиленіп барады. Барлық жерде өтетін шараның жалпы көрінісі мынаған саяды: алдымен ақшаңқай киіз үйлер тігіледі, қасна алтыбақан орнатылады да наурыз көже пісіріледі. Киіз үйдің ішіне дастархан жайылады оның үсті неше түрлі тағамдармен толтырылады. Бар қызық осымен бітеді. Ендігі кезек басшылар келіп дастарханға жайғасу керек, оған дейін ешкімнің дастарханға отыруға құқы жоқ. Басшы дастарханнан ауыз тиген соң басқа киіз үйге қарай бет алады, сосынғысы белгілі, дастарханды жаюға қызмет еткен қызметкерлер отырып тамағын ішеді сонымен негізгі іс-шара бітеледі. Кейінірек түстің ауыл кеткенін сылтауратқан шаруашылық қызметкерлері киіз үйді жинай бастайды. Қысқасы, жылдағы көрініс осы сипаттан аса алмай келеді.

Жуырда облыс әкімі Қ.Көшербаев «әкімдерге арнап дастархан жаюды қою керек» деп ескерту жасады. Шын мәнінде, халықтық мереке шынайы түрде әрбір адам төл мерекесін өз деңгейінде сезіне алатындай дәрежеге көтерілуі керек. Мысалы, кеңестер одағы кезінде (әлі де бар) халықтың ерекше тойлайтын мерекесінің бірі жаңа жыл болатын. Әрбір шаңырақ шамасы келгенше мерекеге дайындық жасайды, сағат түнгі он екіні көрсеткенде көршілер бір-біріне қонаққа барып таңға дейін сабылып жүреді. Жас балалар да мектепте өткен қанажылдық мерекелерді көргеніне, аяз атаның қолынан алған сыйлықтарына мәз болатын. Демек, ресми іс-шараға қарағанда халықтық мейрамның адам жанына сыйлайтын жылылығы басымдау. Кезінде Наурыз да осындай халықтық мереке болған.

4-бет

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

ҚАУІПСІЗДІК ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

12 наурыз күні түнде және 13 наурыз күні, яғни, бүгін күндізгі мезгілде Қызылорда қаласы аумағынан сеңнің жүріп өтуі күтіліп отыр. Бұл туралы облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы хабарлады.

Қазіргі жағдайда елді мекендерді су басу қаупі жоқ. Дарияда сең жүруіне байланысты облыс аумағындағы барлық азаматтық қорғау күштері күшейтілген қызмет атқаруға көшіріліп, өзен бойына бекітілген жауапты мекемелер мен тиісті мемлекеттік органдар тарапынан тәулік бойғы кезекшілік ұйымдастырылған.

Ал күні кештегі көрсеткіш бойынша «Шардара» су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 400 текше метр, «Көксарай» су реттегішінен секундына 100 текше метр су жіберіледі.

Облыс аумағына түсіп жатқан су көлемі 160 текше метр болса, «Қызылорда» су торабынан секундына 245 текше метр су босатылуда.

«СБ» ақпарат.



СОЛТҮСТІК ӨҢІРДІ ГАЗДАНДЫРУ МҮМКІНДІГІ

Жуырда Елбасы Астананы газдандыру туралы нақты тапсырма берді. Астана мен еліміздің орталық және солтүстік өңірлерін газдандыру жобасы Президенттің маңызды 5 әлеуметтік бағамдарының қатарына кіргеніне қуаныштымыз.

Магистральдық газ құбырының ұзындығы – 1081 шақырым. Ол «Бейнеу -Бозой-Шымкент» газ құбырының Қызылорда облысы аумағындағы «Қараөзек» компрессорлық станциясынан бастау алады. Өндірісі дамыған Жезказған, Қарағанды, Теміртау өңірлері арқылы Астанаға дейін жүргізіледі. Осы бағытпен газ құбырын салу арқылы 2,5 млн-ға жуық тұрғындар газбен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Қазақстандық газды жеткізу энергетикалық қауіпсіздік қамтамасыз етеді. Газ – тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, әлеуметтік жағдайын көтеруге, шағын және орта бизнесті дамытуға ықпал етеді. Мынадай жұмыс орын ашуға мүмкіндік береді. Ел ордасы үшін газ жеткізудің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсері үлкен.

Көмір жағып отырған шамамен 250 жылғы орталығы, 20 мыңнан астам жеке тұрғын үйді газға ауыстыру, сондай-ақ Астанадағы 2 жылғы электр орталығын (ТЭП-1, ТЭП-2) газға көшіру көзделді. Кейінгі кезде тұрғындарды мазалап жүрген Астананың экологиялық ахуалы да жақсарды. Зиянды қалдық мөлшері 35 мың тоннаға азаяды.

Бұл жоба бүкіл солтүстік өңірлі газдандыруға жол ашады. «ҚазТрансГаз» компаниясы маңызды зор осы жобаны жүзеге асыруға толығымен дайын.

**Ибулла СЕРДІЕВ,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
газ тасымалдау және сақтау жөніндегі
аға вице-президенті.**

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІҢ ОҢ ШЕШІМІ

Президенттің бес бастамасы халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартуды көздейді. Оның ішінде бірінші кезекте әрбір отбасының баспаналы болуына жаңа мүмкіндіктер беру, күнкөрісі төмен, жалақысы мардымсыз жұмысшылардың еңбеккақысын салық мөлшерін төмендету арқылы көбейту, жастардың, оның ішінде орта мектепті бітіруші түлектерді жоғары біліммен барынша қамту, ол үшін жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері үшін жатақханалар салу, жұмыссыз және өзін-өзі еңбекпен қамтыған азаматтардың жаппай кәсіпкерлікпен айналысуы үшін шағын несие беруді жандандыру, орталық және солтүстік өңірлердегі елді мекендерді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру сияқты әлеуметтік маңызы бар ең өзекті мәселелерді қамтып отыр.

Ол үшін Үкімет пен Ұлттық Банкке әлеуметтік бастамаларды іске асырудың тетіктерін қарастыру тапсырылды.

Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсартуды мақсат еткен үшінші бастама білім саласы үшін аса маңызды болып отыр.

Алдағы 2018-2019 оқу жылынан бастап мектеп бітіруші түлектердің білім алып жатқан студенттерді жатақханамен қамтамасыз етуді мемлекеттік-жекеменшік серіктестік арқылы шешуді, 2022 жыл соңына дейін 75 мың орындық жаңа жатақхана салуды, соның негізінде жастардың жатақханаға деген тапшылығын біржолата шешуді нақты тапсырды.

Біздің өңірімізде аймақ басшысының қолдауымен соңғы жылдары колледждерде білім алып жатқан студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттен тиісті қаражаттар бөлініп, апаттық жағдайдағы жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Атап айтқанда, 2016-2017 жылдары Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің – 50, Шнелі индустриалды-аграрлы колледжінің – 240 және Жалағаш индустриалды-аграрлы колледжінің 50 орындық жатақханалары пайдалануға берілді.

Сонымен бірге, осы жылы С.Ысбаев атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің (200 орындық жатақханасы) 600 орындық жаңа кешен салу мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында жүргізілетін болады.

Қармақшы аграрлы-техникалық колледжінің –100, Арал индустриалды-техникалық колледжінің 50 орындық жатақханалары күрделі жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілді.

Жалпы әлеуметтік әлеуетін арттыруға бағытталған бес бастаманы елдің бірлігі мен ынтасымен арқасында жүзеге асырып, биік белестерді бағындырып, табыстарға қол жеткізетінімізге сенім мол.

**Бекжан ЕСЕНБАЕВ,
облыстық білім басқармасының
бөлім басшысы.**

1-бет

«САРЫАРҚА» ЖОБАСЫ: ҰЗАҚ ЖОЛ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМНАН БАСТАЛАДЫ

Теренөзекентінде АГТС құрылысын бастауға бюджеттен 1,7 млрд теңге бөлініп, «Транс Азия Констракшн» құрылыс-монтаж жұмыстарын бастады. Теренөзек-АГРС-нан Жалағаш ГРП-на дейін жоғары қысымды газ құбыры-бұрмасының, Жалағаш кентіне газ жеткізу құбырының және кварталшілік желілерінің жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуге және мемлекеттік сараптама қорытындысын алуға қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде. Қорытындысы наурыз айының соңғы аптасында белгілі болады.

«Махамбет» және «Наурыз» елді мекендерін газдандыру бойынша мердігер мекеме жоба әзірлеуде. Оған қоса 10 жобаны республикалық бюджеттен қаржыландыруға Энергетика министрлігіне бюджеттік өтінім жолданды. Қазір Жосалы, Теренөзекке жүргізілетін газ құбырының жобасы алдын ала қолдау тауып отыр.

Өткен мәжілістердің бірінде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалына апаттық қор жасақтап, газдандырылған аудан орталықтарында апаттық-диспетчерлік пункттер ашуға байланысты шұғыл шаралар қабылдау тапсырылған еді. Филиал директоры Т. Қызылбаевтың айтуынша, «104» авариялық газ қызметінің кешкі сағат 18.00-ге дейін ғана жұмыс істеуіне қаржы тапшылығы себеп болып тұр. Аймақ басшысы тиісті мамандарға бұл мәселені жан-жақты зерделеп, авариялық қызмет байланысының үздіксіз жұмысын жолға қоюды тапсырды.

Селекторлық байланысқа шыққан аудан әкімдері де осы қызмет тәулік бойы жұмыс істесе деген ұсыныстарын жеткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселенің талқысы эпизоотиялық тұрақтылықты сақтауға қатысты өрбіді. Алдағы сәуірде Халықаралық Эпизоотиялық Бюро сарапшылары инспекциялық бағалау жұмыстарын жүргізбек. Облыстық ветеринария басқармасының басшысы Е.Аптеговтың айтуынша, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақмола, Костанай облыстарында тіркелген құтыру және нодулярды дерматит ауруларының бізде тарамауы үшін ветеринарлық шаралар уақытылы жүргізілген.

Биыл аса қауіпті 12 түрлі жұқпалы аурудың алдын алуға егілетін препараттар облысқа жеткізілді. Егу және диагностикалық тексеру жұмыстары басталып кетті. Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда қанғыбас ит-мысықтарды аулауға қаржы бөлінгенмен, олар азаймай отыр. Бірлескен жұмыс тобының арнайы рейдтерінен кейін 3 мыңнан астам ит-мысық жойылған.

Қызылорда облысының бұферлік аймақтан шығуы ең алдымен мал экспортына оң ықпалын тигізді. Алдағы айда Халықаралық Эпизоотиялық Бюроның сарапшылары келеді. Дайындық жұмыстарын пысықтаған басқарма мамандары бірқатар кемшіліктерді анықтады. Малдың компьютерлік дереккор базасынан уақытылы шығарылмауы, мал сою нысандарында дөзтосқауыл, дөзтөсеніштер болмауы, сойылатын

малдың құжаттарының болмауы, сатып алынған асыл тұқымды малдың карантинге қою кезінде толығымен тексерілмейтіні белгілі болды. Басқарма басшысы компьютерлік дереккор базасы мен статистикалық мәлімет арасында айырмашылықтар бір жүйеге түспей келе жатқанын айтты.

ХЭБ-тың талабы бойынша елді мекендерде типтік жобадарғы мал қорымдары болуы тиіс. Аймақта мал өлекеселері мен биологиялық қалдықтарды жоятын 146 қорым бар. Оның ветеринариялық талаптарға сай келетіні – 71. Биыл 10 қорым салу жоспарланып отыр. Аймақ басшысы ветеринарлық саланың немісқұрайлылықты көтермейтінін айтып, бақылауды күшейтуді, Халықаралық Эпизоотиялық Бюро сарапшыларының барлық талаптарын орындауды тапсырды.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының негізгі өсуіне жол бермеу үшін қабылданған шаралар туралы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Б.Жаханов айтты берді. Жыл басынан бері 7 өнім бойынша баға жоғарылаған, 3 өнім бағасы төмендеген, 9 өнім бойынша баға бірқалыпты. Картоп, сәбіз, қырыққабат, бас пияз бағасының қымбаттауы қойма қызметі мен табиғи шығындардан болып отыр.

Тұрақтандыру коридоры 1 сортты ұн, бас пияз, картоп, сәбіз, қырыққабат, макарон, өсімдік майы, қарақұмық жармасы, кант, шай бар. Қордан жыл

Қала аумағындағы барлық жатақхананың жағдайы толық техникалық тексеруден өтті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы Марсбек Молдабаев хабарлады.



ЖАТАҚХАНАЛАР ЖАҒДАЙЫ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Басқарма басшысының айтуынша, қалада 22 жатақхана бар. Бүгінгі күні оның біреуі, яғни Титов көшесіндегі №32 жатақхана комиссия шешімімен апаттық жағдайда деп танылып отыр. Ал 18 жатақханаға тез арада күрделі жөндеу қажет. 2012-2014 жылдары жөндеуден өткен қалған баспаналардың жағдайы қанағаттанарлық деп танылған. – Осыдан он күн бұрын облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес қаладағы жатақханалардың жағдайын анықтайтын арнайы комиссия құрылған болатын. Онда аккредитациядан өткен экспорт мамандары бар 4 мекеме қатысты.

Қазіргі таңда комиссия өз шешімін шығарып, тиісті шараларды жүргізуде. Апаттық жағдайдағы және күрделі жөндеуді қажет ететін үйлерге байланысты қала әкімдігіне ұсыныс берілді. Аялта мету керек. Аудандарда 8 жатақхана бар. Олардың да техникалық жағдайын зерделелік. Тек Қармақшы ауданындағы агроколледж жатақханасының жағдайы сын көтермейтіндіктен қазіргі уақытта бас тұр. – деген басқарма басшысы барлық жұмыс қайтарымды қаражат есебінен жүретіндігін жеткізді. Ал, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту

мен дамыту» бағдарламасы аясында жүргізілетін болса, онда тұрғындардың 70 процентінің келісімі болу керектігін баса айтты.

Жалпы Қызылорда қаласында 2013-2016 жылдары 34 апаттық үй анықталған. Ондағы тұрғындар кезекке алынып, заңдылыққа сәйкес жыл сайын тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Осыған сәйкес өңірде апаттық жағдайдағы үйлердің мәселесі шешімін тапқан.

**Мейрамғұл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».**

БРИФИНГ

Күннің күрт жылынуынан Қазалы ауданы Аранды ауылындағы №97 орта мектеп аумағын су басып қалды. Осыған орай облыс әкімінің орынбасары С.Сүлейменов, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы С.Сермағамбетов және облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы О.Бержанов бастаған жұмыс тобы оқиға орнына барып, нысанның жағдайымен танысты.

ТИІСТІ ШАРАЛАР ЖАСАЛУДА



Бұл туралы кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды. Онда облыстық төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары А. Толешов, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары А.Басаров және облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Б.Бердәулетов оқиғаның мән-жайын баяндады.

Мамандардың мәлімдеуінше, аталған комиссия мүшелері су алған аумақ пен мектеп ғимаратының техникалық жағдайымен танысты. Нысанға сызат түсіп, елденің көтеріліп кетуіне байланысты ғимаратта оқу процесін тоқтату туралы шешім қабылданды.

**Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».**

КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕҢ ӨРІС

ЕЛ ДАМУЫНА ЕСЕЛІ ҮЛЕС

Бүгінде іс бастап, кәсіппен айналысқандар мемлекет қолдауын айқын сезініп отыр. «Бизнестің жол картасы-2020», «Бастау Бизнес», «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» сынды бағдарламалар осы бағыттағы бастамалардың жүйелі жүзеге асуына септігін тигізіп келеді. Оған өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен Қармақшы ауданында өткен баспасөз турында көзіміз жете түсті.

Ауданда кәсіпкерлердің қарасы қалың. 2017 жылы қаржы ұйымдары тарапынан 330 жобаға 1093,5 млн теңге жеңілдетілген несие берілген. Оның ішінде, «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша 233,5 млн теңгенің 15 жобасы жүзеге асырылды.

Баспасөз туры жеке кәсіпкер Марал Тілегенованың «Марал» сәулулық салонымен танысудан басталды. 1995 жылы аудан орталығынан шағын шапшартар ашумен кәсібін бастаған Марал, өткен жылы жаңа нысанының лентасын қиған еді. Заманауи ғимарат салу үшін «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірінші бағдарламасы арқылы 5 млн теңге несие алып, құрал-жабдықтарын да жанартып алған. Ерлер мен әйелдерге қатар қызмет көрсететін бұл орталық қазір 9 адамды жұмыспен қамтып отыр.

– Қызылорда қаласындағы «Динара Мусеева» академиясының курсың оқып бітірген соң осында жұмысқа қабылдандым. Еңбекқымсызды уақытылы аламыз. Мені жаңа құралдар мен қызметіміздің көптірілігі қуантады, – дейді әйелдер бөлімінің маманы Айнаш Игісінова.

Келесі нысан 21 жасар жас кәсіпкер Қайырбек Әбеннің «Маржон» қызмет көрсету орталығы болды. Билборд, стенд, жарнама қағаздарын әзірлейтін

Қайырбек те мемлекет қолдауына дән риза. «Бастау Бизнес» бағдарламасы арқылы 3,5 млн жеңілдетілген несие алып, оның 3 млн теңгесіне «Infinity» баспа-машинасын сатып алған. Ол баспахананы жаңа техникалармен толықтырып, жұмыс ауқымын кеңейтті келеді. Жас кәсіпкердің Тұрмағанбет ауылында шағын шаруашылығы бар. «Әзірге жылқы басы жетеу. Мал басын біршама көбейтіп алған соң жақсы жоспарларым бар», – дейді Қайырбек. Қайырбектің жан-жақтылығы мен ынта-жігеріне тәпті болып, сәттілік жолдас болсын делік.

Өткен жылы мемлекеттік бағдарламаларды ұйымдастыру және іске асыру мақсатындағы мемлекеттік гранттар беру компоненті бойынша Қармақшы ауданында 2 конкурста 54 жоба қатысып, 16 жоба 10,8 млн теңгенің грантына қол жеткізген.

Бұдан бөлек, 2017 жылдың қараша айында жеке қаражат есебінен жеке кәсіпкер Гүлжар Рагимова ШИ Интернационал ауылының тұсынан «С» санатты қызмет көрсету орталығының құрылысын аяқтап, іске қосты. 350 млн теңгені құрайтын бұл жоба 18 тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Сондай-ақ, Ақай ауылындағы «MealПрим» ЖШС-ның күршіп дөнінен тағам түрлерін дайындау жобасы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы 8 млн теңгеге қаржыландырылған. Қыркүйек айында іске қосылған өндіріс орны 5 адамды тұрақты жұмысқа қабылдаған.

Баспасөз туры аясында Жайлыбай Құдайбергенов басшылық жасайтын Қармақшы ауданыдағы емханасына аялдалық. Бас дәрігерінің айтуынша, «Жол картасы» бағдарламасы аясында ауданның емдеу мекемелерінің техникалық базасы жаңа технологиялармен толыққан. Мәселен, 3 жаңа желді-жәрдем көлігінен бөлек жалпы құны 80 миллионнан асып жығылатын «HAMILTON» «ISOLETTE» «MOT 6000», т.б. 8 аппарат сатып алыныпты. Өткен жылы 11 алам жұмысқа қабылданғанымен, ауданда акушер-гинеколог жетіспейтін көрінеді. Сонымен бірге Ж.Ақсәкенұлы 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасы аясында мамандары бар медициналық кешен елді мекендерді аралап жүргенін айтты.

Аудан бойынша «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында бытырғы жылы 394 адам қайта даярлау курсынан өткен. Ал бұл бағдарламаға қатысу үшін жыл басынан бері 4 мыңға жуық адам өтініш тастаған. Оның 3595-і жұмыссыз. Бұл туралы Қармақшы аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Данияр Ахметов айтты берді.

Қармақшы ауданындағы жобалардың қарқыны көңілден шықты. Жанаалан бөлі көтерген нысандар мен қатары қалыңданды көсіп нелері бұл саланың ел дамуына еселі үлес қоса беретініне сендіреді.

Ринат ӘБДІКАЛЫҚ.



«КӨКТЕМ-2018»

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскерге шақыру науқаны

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы «Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» қаулысының негізінде еліміздің барлық өңірлерінде жылына екі рет ер-азаматтарды әскерге шақырту науқаны жүргізіледі.

Быылғы жылы наурыз және сәуір айы аралығында жүргізілетін науқан шеңберінде әскери борышын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің «Айбын» және «Батыр» Президенттік полктерінде өтеуге ниетті үміткерлерді іріктеу жұмыстары басталды.

Аталған Президенттік полктер қатарына ең үздік әскери қызметшілер іріктелген. ҚР Мемлекеттік күзет қызметі ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету күштеріне жататын, ҚР күзетілетін адамдар мен объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік орган болғандықтан қызметтің бұл құрылымдық бөліністеріне іріктеу қатаң талаптарға сай жүргізіледі.

Жедел әскери қызметке шақырту науқаны және оған дайындау процесі – үзіліссіз жүргізілетін шара. Шақырту уәкшелеріне бекітілген сәттен бастап, әскерге шақырылуына дейінгі мерзімде ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері мен әскери қызметшілері жергілікті басқару органдарымен бірлесіп отырып, әскерге шақыртуға жататын қазақстандықтардың арасында жебілуі туралы тексеру мен зерттеу шараларын жүргізеді. ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің офицерлері облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменттерге барып, талап бойынша шығыс кем емес әскерге шақырылушының оқу және жаттығу орындарынан мінез-демелерін, араласу отрасын, бейімділігі мен қызығушылықтарын анықтап, оның психологиялық бет-бейнесін қатар, медициналық көрсеткіштерін зерделейді. Іріктеу барысында бекітілген ереже-талаптарға сәйкес, ең бастысы, Отанға деген шексіз адалдығымен, ышындылығымен, оқис жағдайларла жалғыз әрі нақты шешім қабылдай білу қабілетімен, төзімді әрі зеректігімен ерекшеленген бозбалалар басымдық берілетін сөзсіз. Сондай-ақ, спорттық және өзге де салалардағы елеулі жетістіктері ескеріледі.

Президенттік полк қатарында әскери борышын өтеуге ниет білдірген



ер-азаматтарды іріктеу барысында олардың білімі, яғни, интеллектуалдық деңгейіне басты назар аударылады. Елбасы өзінің биылғы жылғы Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында атап өткен негізгі бағыттардың ішінде адами капитал – жанғыру негізі делінген. Болашақ сарбаздың бойындағы қарым-қабілеті, білімі мен біліктілігі әскери қызметті мінсіз атқаруында негізгі факторлардың бірі болатындығы сөзсіз. Президенттік полк сарбаздарының бағыт-бағдары осылайша Елбасының Жолдауында көрсетілген «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ, заманына лайық шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаңандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеясына айналуға тиіс» деген жолдарымен айқындала түседі.

Жылдан жылға ҚР МҚК қызметкерлері бұл бағыттағы жұмысты жетілдіреді. Мысалы, 2017 жылғы әскерге шақырту комиссиясының жұмыс нәтижесінде 295 жас сарбаздың 255-і арнайы орта және жоғары білімді болды. Салыстырмалы түрде 2016 жылғы лайықты білімі бар үміткерлердің саны 195-ті құраған болатын. Бұл әскери қызметті сапалы өткеруге, әрі қызмет сатысымен жоғарылаудың өте маңызды фактор.

Осы орайда, Мемлекеттік күзет қызметінің даму үрдісіндегі басымдықтардың бірі – сапалы қарлдық құрамды жасақтау. Жеке құрамды жасақтау әскери дайындықтан өтіп, әбден төселген, келісім-шарт негізінде қызмет етіп жүрген әскери қызметшілердің

қатарынан іріктеу негізінде жүргізіледі. Яғни, әскери мамандықты таңдаған «кешегі» сарбаз қызмет бабы бойынша жоғары сапалыға көтерілуге толық мүмкіндік алады.

Шақырту комиссиясының тиісті барлық іс-шараларынан кейін еліміздің өр өңірінен арнайы іріктеуден өткен бозбалалар тереңдетілген медициналық тексеріске және психологиялық тестілеуге жолданады. Одан кейін барып, мандаттық комиссияның қорытындысы бойынша ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің қатарына қосу жөнінде шешім қабылданады.

Әскери қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру мәселесі әрдайым қызмет басшылықтың жіті назарында. Сайдан тасындай іріктеліп алынған жас сарбаздар әскери бөлімшелерге келген бетте жаңа әрі ыңғайлы, үлгілі киіммен, өзге де қажеттіліктермен жабдықталады. Мәселен, заманауи қазармалық ғимараттар, күнделікті қажеттіліктері өтейтін арнайы бөлмелер, монша мен кір жуу кешені, жеке-тәрбие жүргізу, ойын-сауық бөлмелері де қарастырылған. Сондай-ақ, жаңа толымдауды қабылдауға арналған бекеттер ескерілген. Оның құрамындағы қызметтің білікті де білімді офицерлері жас сарбаздарға жаңа ортада бейімделуге көмек көрсетіп, әскери қосітің қыр-сырын меңгеруде бағыт-бағдар береді.

Ант қабылдау рәсімінен кейін жас сарбаздар ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің Алматы және Астана қалаларында орналасқан әскери бөлімшелерге жіберіледі. Бұл жерде оларға аса маңызды тапсырма – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

– Елбасының және өзге күзетілетін лауазымды адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүктеледі. Ресми сапармен Қазақстанға келген мемлекет басшыларының қатысуымен өтетін церемониалды іс-шараларға қатысып, Мемлекеттік Ту мен Елтаңба эта-лондарын күзетке алады.

Осындай жауапты қызметті мінсіз атқару үшін Қызметте әскери қызметшілердің жауынгерлік дайындығына да үлкен көңіл бөлінеді. Дайындық барысында жас сарбаздар парашюттен секіру, суда әскери техниканы тигізіндеуі үйреніп, тағы да басқа көптеген әскери жаттығуларды меңгереді. Айта кетерлігі, спорттық жетістіктері бар жас сарбаздар түрлі деңгейдегі, соның ішінде әлемдік арена-ларда өтетін жарыстарға қатысуға мүмкіндік алады.

ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің тағы бір ерекшелігі – сарбаздар үшін әскери борышын Құрмет қарауыл рота-сында өтеу мүмкіндігі. Елімізде тек осы құрылымға ғана Мемлекеттік протокол-ды атқару жүктелген.

Бозбалалардың көбісі әскери қыз-меттерін дәл осы Құрмет қарауыл ротасында өтеуді амандайтыны жа-сырын емес. Себебі, «Айбын» және «Батыр» Президенттік полктерінде сарбаздардың бойында өз-өзіне деген сенімділік ұялайды. Сондай-ақ, әскерде қалыптасқан мінсіз дене мүсіні, бойындағы қыр-қайрат сарбаздардан айырып асқатады. Әрқайсысына жеке тигізілген арнайы киім үлгісі де олардың қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

Әскердегі қызмет кешегі бозба-лалардан халқына адал айбынды ер-азаматтарды тәрбиелен шығаралы. Әскери тұрмыс – олардың өмірге деген қозғарсын қалыптастырып, болашақа бағыт-бағдар беретін, тәлімі мен тәрбиесі мол орта.

Олар бағытталу пен жігерлілікті, қажыр-қайратты, ерлік пен еліктің, еңбегін, халқы мен Елбасына деген адалдық сияқты қасиеттерді бойына жинаған еліміздің қорғандары – айбын-ды сарбаздармыз.

Олар еліміздің бет-бейнесі!

ҚР Мемлекеттік күзет қызметі туралы толық ақпарат:

ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің ресми сайты

http://www.sgork.gov.kz

ҚР МҚК ведомстволық «Ақберен» журналында

(эл. нұсқасы сайтқа орналасқан), Ресми әлеуметтік желілерде: Facebook, Instagram: @sgo.rk.

ТУБЕРКУЛЕЗ ТЕГІН ЕМДЕЛЕДІ



Дүниежүзілік экономикалық форумның 2017-2018 жылдарға арналған жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есебіне сәйкес Қазақстан 2017 жылдың қоры-тындысымен туберкулездің таралуы бойынша өзінің жағдайын 2016 жылмен салыстырғанда 2 позиция жақсартып, 138 елдің ішінен 90-орын алды.

Қазақстанда туберкулез бойынша тұрақты эпиде-миологиялық жағдай байқалады. Соның 10 жылда бұл дертке шапалуы жағдайы 2,4 есеге төмендеп, 2017 жылы 100000 адамға шаққанда (2007 жылы 126,4) 52,2-ге түрды. Өлім-жітім жағдайы 100000 тұрғынға шаққанда 6 есеге төмендеп 3,0-ді құрады.

Ал біздің облыста аурушандық көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 100000 тұрғынға шаққанда 64,9-дан 59,2-ге, ал өлім-жітім көрсеткіші 3,4-тен 3,2-ге төмендеді.

Қазақстанда және облысымызда туберкулезді біріккен (интеграцияланған) бақылау стратегиясы жүзеге асырылуда. Соған сәйкес, облысымызда ауру-шандықтың азаюына байланысты төсек-орын саны 400-ге дейін қысқартылды. Арал, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған аудандық туберкулезге қарсы ауруханалары жабылып, үнемделген қаржы диагностикалық зерттеулерді жетілдіруге, жаңа құрылымдар алуға жұмсалды. Ал, барлық аудандардағы туберкулезге қарсы диспансерлер жергілікті аудандық аурухананың құзырына берілді. Мұндағы мақсат – туберкулезді анықтау және емдеуде науқастарды бір жерден қарап, кенес беру, аудандық аурухана құрамындағы диспан-сер мамандарының науқастарға медициналық көмекті барынша жасқартуы болып отыр.

Аймақта туберкулезді ерте анықтау үшін диагнос-тикалық жабдықтарлық стандарттарға сәйкес заманауи әдістері қолданылуда. Облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің бактериологиялық зертханасында ауру-ды және оның көптеген дәрілерге көнбейтін түрін тез

анықтау (2 сағаттан 2 күнге дейін) бойынша алдыңғы қатарлы инновациялық технологиялар енгізіліп жұмыс жасауда. Бұл әдістер БАКТЕК кондырғысы, Хайн-тест, Джейн-эксперт әдістері арқылы іске асырылуда.

Туберкулезді анықтауды жетілдіру мақсатында 3 ауданға (Арал, Шиелі, Сырдария) жылжымалы флю-оромашина алынды. 2 флюорокондырғы жаңадан алы-нып, облыстық перинаталдық орталық пен №1 емханаға орнатылды. Науқастардың қосымша ауруларын ем-деуге 41561630 теңгеге жаңа үлгідегі аппараттар мен құрал-жабдықтар алынып, жұмыс жасауда. Туберкулез уақытылы анықталып, дұрыс емделген жағдайда, одан толық айығып кетуге болады.

Туберкулез микобактерияларын бөлмейтін және айналасындағыларға қауіп төндірмейтін пациенттер, егер үй жағдайында емделуге ынталы болса, тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаларда амбулаториялық ем қабылдай алады. Мысалы, облысымызда 2017 жылы туберкулез микобактериясын бөлмейтін 462 науқастың 152-сі немесе 32,9 проценті емін амбулаториялық жағ-дайда бастады. Әрбір науқаса әлеуметтік қаржылай көмек беріледі. Өткен жылы 1490 науқас 185768,8 мың теңге (2016 жылы 1219 науқас – 139745,9 мың теңге) әлеуметтік көмек алады.

Ауруды емдеуде де өзгерістер бар, яғни көптеген дәріге төзімді туберкулезбен ауыратын науқастар бұрын 24 ай емделсе, қазір жаңадан дәрілердің емге қосылуына байланысты емінің ұзақтығы 9-12 айға дейін қысқарды.

Туберкулез бактерия бөліп шығаратын науқастан ауа арқылы беріледі. Туберкулезге шалдыққандардың тек 40 проценті ғана бактерия бөліп шығаратын және жұпталы ауруы бар науқас болып табылады. Ол науқас адамдардың тек 10 процентінде ғана дамиды, ал қалған 90 проценті иммунитетті жоғары болса, туберкулез ми-кобактериясын жұқтырмайтын ауырмайды. Дер кезінде анықталып, ем шаралары қабылданатын болса, туберку-лезден толықтай айытуға болады.

Туберкулезді анықтау мен емдеу тегін және ол мем-лекет есебінен жүргізілетіндігін ескерте кету қажет. Тез диагностикалау әдістері мен тиімділігі жоғары дәрі-дәрмектер арқысында туберкулезді толығымен емдеуге болады. Туберкулезді еңсеріп, айығып кеткен адамдар оқып, еңбек етіп, дүниеге дені сау сбилер әкеліп, мәнді де мағыналы өмір сүре алады.

Есесіре, кәсіпкерлердің туберкулездің бизнеске ықпал ету қауіпін жоқ екендігін объективті түрде бағ-алауы еліміздің бәсекеге қабілеттілік рейтингінің өсуіне және инвестиция тартудағы өзіндік тартымдылығының арттыруына септігін тигізеді.

Әбділабит ӘБІЛӘЗИМ,
облыстық туберкулезге
қарсы диспансерінің бас дәрігері.

Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс нәтижелері бойынша мәліметтерді жариялау туралы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
Қызылорда қаласы 2018 жылғы «12» ақпан №1037	Қызылорда қаласы 2018 жылғы «12» ақпан №180
БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ және ШЕШІМ	
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5.03.2018 жылғы №6181 тіркелген	
Қызылорда қаласының көшесіне атау беру туралы	
«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Респуб-ликасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңаданғы Республикалық экономика комиссиясының 2017 жылғы 27 қарашадағы қоры-тындысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:	
1. Қызылорда қаласындағы «Саяхат-7» көшесіне «Бақытжан Серымбетов» есімі берілісін. 2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.	
Қызылорда облысының әкімі _____ К. Қосербаев	Қызылорда облыстық мәслихатының жекешелік 18-сесиясының төрағасы, облыстық мәслихат хатшысы _____ Н. Байқадамов

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ №182	Қызылорда қаласы
«12» ақпан 2018 жыл	
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5.03.2018 жылғы №6184 тіркелген	
«Қызылорда облысында тұратын азаматтарға емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге бюджет қаражаты есебінен тегін немесе жекешілікпен жол жүруді ұсыну туралы»	
Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №346 шешіміне өзгеріс енгізу туралы	
«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Рес-публикасының 2009 жылғы 18 қаруыдағы Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:	
1. «Қызылорда облысында тұратын азаматтарға емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге бюджет қаражаты есебінен тегін немесе жекешілікпен жол жүруді ұсыну туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №346 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5405 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 22 наурызда «Сыр бойы» және «Қызылор-динские вести» газеттерінде, 2016 жылғы 21 сәуірде «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:	
аталған шешімнің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:	
«Қызылорда облысында тұратын азаматтарға емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге бюджет қаражаты есебінен тегін немесе жекешілікпен жол жүруді ұсыну туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №346 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5405 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 22 наурызда «Сыр бойы» және «Қызылор-динские вести» газеттерінде, 2016 жылғы 21 сәуірде «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:	
«2. «Қызылорда облысының денсау-лық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің және (немесе) «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқар-масының «Қызылорда облыстық кенес беру диагностикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құрылымында мемлекеттік қом-муналдық қасіпорының медициналық көрсеткіштері бойынша дәрігерлік-кенес беру комиссиясының анықтамасы болған жағдайда науқастың және оны ертіп бара-тын тұрғыны емдеуге және (немесе) кенес беруге бару-қайту жол ақсысын».	
2. Осы шешім алғашқы ресми жария-ланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Қызылорда облыстық мәслихатының жекешелік 18-сесиясының төрағасы, облыстық мәслихат хатшысы	
Н. Байқадамов	

ЖҮЙЕ ЖҰМЫСЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалында ашық есік күні өтті.

Азаматтарға әлеуметтік саладағы құқықтары мен мемлекеттік қолдау шараларын таныстыру мақсатында ұйымдастырылған ашық есік күнінде, тұрғындар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіндегі жаңалықтармен та-нысты.

Быылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елімізде 5,9 млн адамға әлеу-меттік аударымдар аударылған. Әлеуметтік аударымдар қызметкердің айлық табысынан ұсталмайды, олар жұмыс беруші қаражатынан төленеді. Яғни, қызметкер өз қаражатын жұмсамайды. Әлеуметтік аударымдар мөлшері 3,5% құрайды. Макроэкономикалық параметрлердің өзгерістерін ескере отырып, соның ішінде инфляция деңгейін, сатып алу қабілетін қолдау мақсатында, әлеуметтік төлемдер мөлшері МӨСК активтері есебінен жыл сайын артып отырады. Ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап МӨСК еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылуына бай-ланысты, шамамен 100 мың әлеуметтік төлем алушыларға төлемдерді 16% арттырды. Елімізде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілгеннен бастап 4 млн адам МӨСК-дан жалпы сомасы 905 млрд теңгеге әлеуметтік төлемдер алды.

Барлық қызмет көрсету халық үшін тегін, өйткені МӨСК қызметі коммерциялық емес, тек әлеуметтік қорғау жағынан азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қолдайды. Сонымен қатар, халықтың міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің негізгі көрсеткіштерімен қорғаныс қабілеті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің негізгі көрсеткіштерімен ақпараттандыру. Бұл ақпараттық қызмет мемлекеттік ор-гандар мен жұмыс берушілерге, сонымен бірге азаматтарға қажет.

Карта мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының www.gfss.kz сайтында орналасқан.

Барыбек БАТЫР.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ №181	Қызылорда қаласы
«12» ақпан 2018 жыл	
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5.03.2018 жылғы №6183 тіркелген	
«Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №347 шешіміне өзгеріс енгізу туралы	
«Халық денсаулығы және денсау-лық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Рес-публикасының 2009 жылғы 18 қаруыдағы Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:	
1. «Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық ем-делу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы» Қызылорда облыстық мәси-хатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №347 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5404 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 22 нау-рызда «Сыр бойы» және «Қызылординские	
вести» газеттерінде, 2016 жылғы 21 сәуірде «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:	
аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редак-цияда жазылсын.	
2. Осы шешім алғашқы ресми жария-ланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Қызылорда облыстық мәслихатының жекешелік 18-сесиясының төрағасы, облыстық мәслихат хатшысы	
Н. Байқадамов	

№	Ауру түрі	Халық санаты	Дәрілік заттарды тағайындау үшін айғақтар (дәрежесі, сатысы, ауыр ағымы)	Дәрілік заттардың атаулары (шығару нысаны)
1	Басқа көріністі жылыауысты фиброз (муковисцидоз)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Аузырлықтан барлық сатысы мен дәрежесі	- Тобрамицин (сыртқы нысан) 300 мг/5мг - Ацетилцистеин 100мг, 200 мг - Ортатәзіліл триглицеридтері бар толыққанды құнарлы қосты. (Сусын немесе қосымша тамақтауға, сондай-ақ энтералді зонд ретінде қолдануға арналған. 3-жастан жоғары балаларға және ересектерге тағайындалады)
2	Идиопатикалық және екінішілік өкпе артериялық гипертониясы		II, III, IV сатысы	- Силденафил 25 мг, 50 мг - Бофентан 125 мг
3	Ақтқын эмболиясы және тромбозы		Басқа антикоагулянттық дәрі-дәрмектерді қолдану мүмкін болмағанда	- Ривароксабан 10 мг, 20 мг - Эноксапарин Натрия 0,6 мг
4	Ювенильді идиопатикалық артрит		Аурудың полиартритикалық формасы мен жүйелер бойынша зақымдану зақымдану клиникалық белгілерінің болуы, энтроптығы генді-инаксерлік биологиялық препараты ем ретінде қолдану	- Адалимуаб, инъекцияға арналған ерітінді 40 мг/0,8 мл
5	Булемды энцефалит		Өмір сүру ұзақтығы және өмір сапасын жақсарту	- Танал-байлау материалдары
6	Бехет ауруы			- Альфа-Индификсмаб 100 мг
7	Целиакия		Ағзадағы туа біткен фермент жетіспеушілігінің орнын ауыстырушы препараты	- Кронен 25мг/50 шт

Аббревиатураның толық жазылуы:
мг - миллиграмм
мл - миллилитр

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақ

